ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ университеті



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№ 1 (1351) 27 ақпан 2007 жыл

# "... бір қолымен БЕСІКТІ, екінші қолымен ӘЛЕМДІ тербетеді"



**Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ,**
***Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры***

***Қадірменді қасиетті қара шаңырағымыздың Арулары! Сіздерді алда келе жатқан 8 наурыз – халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Баршаңызға зор денсаулық, ашық аспан, көктемдей жайнаған көңіл, ғибратты өмір тілеймін. Әрбір күндеріңіз бақыт пен шаттыққа толы болып, ұйытып отырған отбасыларыңыздан ырыс кетпесін!***



Сонау жан-жақтан анталаған жау сұғынған сақ заманындағы Тұмар патшайымы есімінің аңыз боп бүгінгі күнге дейін жетуінің себебі оның әйел заты болғандығында жатса керек. Қазақ халқы ежелден әйел затын қастерлеп, аяулы "ана" сөзін ерекше пір тұтқан. Абай дүниенің жылуын әйел махаббатынан іздесе, бұл тақырыпқа соқпаған бірде-бір біртуар тұлғамыз жоқ шығар. Ғ.Мүсірепов "Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік! Әйел-ана, дүниедегі жалғыз күш: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иеді" деп жазып кеткен екен. Ал М.Әуезовтің "Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – Әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ таракияты әйел халіне жалғасады. Әй, қазақ! Мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігіңді түзе. Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе" деуінің астарында қаншалықты ғибратты ой жатыр. "Әйел" деген сөздің түп-тамыры, "Әй, ел болайық!" деген сөзден шыққан екен" деседі білетіндер.

Осындай әйел-анасын қадірлеген, қастерлеген ұлттың ынтымағы мен бірлігін қалаған әйелдің санасы ешқашан да тыным тапқан емес. Бүгінгі заман талабында да оның қыры мен сыры тіпті тереңдей түсті. Осы бір саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени әрі рухани өрістеу мен өркендеудің ауанында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің нәзік жандыларының да қоғам дамуы мен ілгерілеуіне қосып жатқан үлесі ушан-теңіз.

Мемлекетіміздің қоғамдық-саяси дамуында өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан университетімізде қызмет істейтін ұстаздардың көпшілігі нәзік жанды әйелдер қауымынан екендігі белгілі. Олар әрдайым береке мен бірліктің бастауы ғана емес ымырашылдықтың ұйытқысы болып жүреді. Жақында ғана ҚазҰУ ие болған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуда да ұстаз-аналардың еңбегі елеулі екендігін айта кетуіміз керек. Осындай алғыр істер мен игі шаралардың арқасында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының көшбасшысына айналды. Бұл жемісті жеңісте нәзік жандылардың еңбегі айрықша айтуды қажет етеді.

Университет студенттерді тәрбиелеуде де қоғамдық іс-қимылдарды атқарудың алдыңғы шебінде. Біздің білім ордамыздың арулары бұл орайда мемлекеттік деңгейдегі шаралардың бел ортасында жүр десек болады. Мәселен, олардың әрекеті Астанада өткен ҚР кәсіподақтар федерациясы мен ҚР Президенті жанындағы отбасы және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның ұйымдастыруымен өткен Қазақстан еңбекші әйелдерінің Конгресінде де жоғары деңгейде бағаланды. Бұл да болса қара шаңырақта қызмет ететін нәзік жандылардың мемлекеттік деңгейдегі қоғамдық жұмыстардағы қомақты іс нәтижелері.

5 ақпан күні Студенттер сарайында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен "Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Өздеріңізге белгілі, бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен Отанымыздың жоғарғы оқу орындарында қызмет етіп жүрген беделді де танымал ғалым-оқытушыларға қолдау көрсету мақсатында жүзеге асырылып жатқан шара. Айта кетерлігі сол, кеште Алматы мен Талдықорған қалаларының 96 оқытушысына тапсырылған "ЖОО үздік оқытушысы" деген куәліктің 35-і біздің университет ұстаздарына бұйырды. Ал оның жартысына жуығын ұстаз-аналар иеленіп отыр. Бұл әріптестеріміздің университет білім беру ісіне ғана емес Қазақстан ғылымына қосып жатқан жүйелі де жемісті еңбектері екені сөзсіз.

Орыстың әдеби сыншысы В.Г.Белинский "Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ. Оның алдында адамды ынтықтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді" десе, Л.Толстой "Сүйген әйелге құлшылық етуден еркектің басы төмендемейді. Қайта биіктей түседі. Әйелге құлшылық ету әлемге құлшылық етудің бір бөлшегі" деген екен. Қазақ ұлты анаға бұдан да биік талғаммен терең әрі тамаша шынарлы толғаныс арнайды. "Әйел бір қолымен бесікті, ал екінші қолымен әлемді тербетеді" деген сөз туma философиялық ой ұштығын ғана емес, өмірдегі әйел-ананың орнын нақтылап көрсетсе керек. Сондықтан да болар, Ислам дінінің әйел-анаға ерекше құрметпен қарау керек екендігін ескертетіні. Баланы дүниеге әкеліп, оны өсіргенше бейнеттенетін қамқоршы жан әлбетте – Ана. Осыдан кейін де Ислам діні әйел кісілердің орнын айшықтап, аналарды, әпке-жеңге, қарындастарды өз орнымен құрметтеп, оларға қолдан келгенше жақсылық жасауға шақырады. "Жәннат аналардың аяғының астында" деген хадис сөзінің өзі біраз жайттан мағлұмат беретіні ақиқат.

Аяулы асыл жандар, Сіздер жер бетіне мейірім гүлін егу үшін жаралғансыздар. Мұны қоғам үшін көзбен көріп, құлақпен естуге болмайды, тек жүрекпен сезіну керек. Сондықтан да, қадірменді Арулар, Ұстаз – Аналар, әрқайсыңыздың отбасыңызға мерекелеріңіз парасат пен бақ әкелсін!

БҮГІНГІ САНДА:

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ – ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ ҒАНА ЕМЕС МАҚТАНЫШЫ 3-бет





"Стратегия КазНУ имени аль-Фараби: к экономике знаний через развитие инноваций в образовании" 4-стр



ҚАЗАҚ КІТАБЫНЫҢ КЕШЕСІ мен БҮГІНІ БЕЛГІЛІ ал ертеңі қандай? 6-бет



В здоровом теле – здоровый дух 8-бет

■ *Құттықтаймыз!*

# К ЮБИЛЕЮ УЧИТЕЛЯ

**21 января 2007 года исполняется 80 лет крупному ученому в области микробиологии, академику НАН РК и АН Высшей школы Казахстана, доктору биологических наук, заслуженному деятелю науки республики, кавалеру ордена «Парасат», профессору кафедры микробиологии биологического факультета КазНУ им. аль-Фараби Майе Хажетдиновне Шигаевой.**



Яркий представитель казахстанской биологической науки - М.Х. Шигаева практически всю жизнь посвятила решению фундаментальных и прикладных проблем микробиологии и создала свою научную школу, подготовив 5 докторов и более 30 кандидатов наук, которые успешно трудятся в Казахстане и за рубежом.

Майя Хажетдиновна является организатором кафедры микробиологии, которой она посвятила 35 лет жизни. Сейчас эта кафедра заняла достойное место на биологическом факультете. Здесь ведется подготовка бакалавров, магистров, кандидатов и докторов наук по таким приоритетным специальностям, как биология, биотехнология, экология, медико-биологическое дело.

В самые трудные перестроечные годы 80-х она была деканом биологического факультета, активно участвовала в открытии новых специальностей, становлении на факультете 2-х ступенчатого образования, разработке Госстандартов и т.д. И сейчас внедрение всех новаций происходит не без ее участия.

Майя Хажетдиновна - Учитель с большой буквы. Ее лекции, консультации, советы помогают всем нам во всех перипетиях жизни. Ее принципиальность, трудолюбие и доброжелательное отношение к людям - пример для подражания. Она и сегодня в строю: читает лекции по общим и специальным курсам, ведет большую научную работу по грантам ЦБИ МОН РК и МСХ РК, участвует в подготовке бакалавров, магистров, кандидатов и докторов наук.

Мы гордимся, что именно Вы сыграли ключевую роль в становлении нас, как ученых, именно Вы являетесь нашим руководителем, именно Ваши идеи мы постарались претворить в своих научных исследованиях.

Майя Хажетдиновна! Желаем Вам крепкого здоровья, творческого долголетия, новых учеников, счастья Вам и Вашей семье.

**А.Т.КАНАЕВ,**
**декан биологического факультета.**
**А.А.ЖУБАНОВА,**
**зав. каф. микробиологии**

■ *Кездесу*

**15 ақпан 2007 жылы Қазақ Ұлттық университеті шығыстану факультетінің әл-Фараби атындағы залында шығыстану факультетінің деканы Нұржамал Әбдіразаққызы Алдабек ханымның шақыруымен Иран Ислам Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Рамин Меһманпараст мырзамен кездесу болып өтті.**

# Елдестірмек елшіден...



Кездесуде мәртебелі мейман қазіргі халықаралық саясаттың өзекті мәселесі болып отырған Иран-АҚШ қарым-қатынасы, Орта Шығыстағы саяси тұрақсыздық жөнінде әңгімеледі. Оқытушылар мен студенттер өздерін толғандырып жүрген сауалдарына елші тарапынан толыққанды жауап алды.

Сондай-ақ елші мырза Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы достық қарым-қатынастарының жақсы дамып келе жатқанын айта келіп, екі ел экономикалық әріптестігінің қарқынды дамуының дәлелі ретінде бірлескен жобалар жөнінде жан-жақты мәліметтер берді. Елші негізгі үлкен 3 жобаны яғни, Атырауда Иран мемлекетінің көмегімен салынатын мұнай-химия зауыты құрылысы, Иранның солтүстігінде Каспий теңізіндегі порттардың бірінде салынатын Қазақстан мен Иран мұнайының шикізатын өңдеп, дайын мұнай өнімдерін экспортқа шығаратын зауыт құрылысы және Қазақстанның табиғи газын Иранның оңтүстігіне жеткізіп, сол жерде оны сұйытылған газға айналдырғаннан соң, халықаралық базарға экспортқа шығару жобасын атап өтті.

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасында білім, ғылым жағынан байланыстар да жыл сайын өріс алып келеді. Мысалы, Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университеті мен Ирандағы Тегеран университетінің арасында бес жыл мерзімге арналған келісім шарт бар. Сол келісім бойынша екі елдің университеті студенттер, мұғалімдер алмасып отырады. Шығыстану факультетінің ирантану бөлімінің жоғары курс студенттері жыл сайын 7-8 айға Иранға тіл ұстарту өндірістік тәжірбиеге барып тұрады.

Әр оқу жылында Ираннан оқытушылар келіп, иран кафедрасында парсы тілінен, әдебиетінен студенттермен сабақтар өткізеді. Биыл факультетке Иранның Хамадан университетінен парсы тілі мен әдебиетінің маманы доктор Али Мұхаммади келіп, болашақ ирантанушыларға дәрістер беріп жүр. Бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Кездесу барысында факультеттің иран бөлімінің 2 курс студенттері "Эй, Иран " әнін орындады, 4 курс студенті Әмірова Наргиз, 5 курс студенті Омарханова Гаухар Хафиз, Джалаладин Руми секілді атақты Шығыс шайырларының інжу-маржандарын парсы тілінде мәнеріне келтіре оқып, мәртебелі мейманды өз өнерлерімен тәнті етті. Кездесу соңында елші мырза осы студенттерге және өткір мазмұнды сұрақтар беріп, өзінің жан-жақты білімімен көзге түскен қытай бөлімінің 3 курс студенті Болдурукова Назираға сыйлық тапсырды.

Кездесуге қатысушылар Орта Шығыстың қазіргі саяси жағдайына қатысты толық мағлұматтар алды. Кездесуге сондай-ақ, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Елшілігі жанындағы Мәдени Өкілдіктің басшысы Хасан Сафархани мырза қатысты. Факультет деканы, профессор Н. Алдабек Қазақстан мен Иран арасындағы достық қарым-қатынастарға көпір болатын осындай кездесулердің болашақта да жиі өтілуіне тілегін білдіріп, мәртебелі мейманға тартымды да, қызықты кездесу үшін факультет ұжымы атынан алғыс білдірді.

**Айман БОРАНБАЕВА,**
***ирантану және үндітану кафедрасының аға оқытушысы***

■ *Дайджест*



# Ақпарат өзегі – БАҚ айнасында

Жаңа басталған жыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жағымды жаңалықтар легін ала келді. Соның бірі де бірегейі - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 35 оқытушысының "жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар" шығып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен тағайындалған "Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын иеленуі болды. Еліміздегі 51 жоғарғы оқу орны бойынша 200 оқытушыға тиесілі мемлекеттік гранттың 35-інің ҚазҰУ еншісіне бұйыруы – зор жетістік, қомақты табыс екенін айта кетуіміз керек. Осы мәртебесі жоғары марапатты Алматы мен Талдықорған қалаларының жоғарғы оқу орындарының үздік шыққан оқытушыларына табыс ету салтанатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев: "Қазақстанның болашағы өркендеген білім мен ғылымда десек, оның кілті – білімді де білікті оқытушылардың қолында. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей қолдауымен жүзеге асырылып отырған мемлекеттік гранттарды еңбек жолымды студент, ұстаз, ғалым ретінде бастаған касиетті қарашаңырақта тапсырғаныма бақыттымын" деп атап көрсетті.

5 ақпан күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен республика бойынша маңызы жоғары, аукымы кең бұл шара ***"Қазақстан"*, *"Хабар"*, *"Астана"*, *"КТК"*, *"Мир"*** телеарналарының сол күнгі жаңалықтарынан көрсетіліп, ***Қазақ радиосынан*** айтылып, республикалық ***"Егемен Қазақстан"*, *"Президент және халық"*** *(09.02.2007)*, ***"Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі"*** *(15.02.2007)*, қалалық ***"Алматы ақшамы"*** *(08.02.2007)* газеттерінде, ***"Огонек"*** журналында, ***Қазақ ақпарат агенттігінің*** сайтында жарияланды.

Университетте жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің "Денсаулық" спартакиадасы да БАҚ-тардағы жаңалықка өзек болды. Атап айтар болсақ, бұл шара туралы ***Қазақ ақпарат агенттігінің*** сайтында жарияланып, ***Қазақ радиосы*** мен ***Азаттық радиосының*, *"Алматы" телеарнасының*** жаңалықтарынан берілді. ***"Страна и мир"*** *(02.02.2007)*, ***"Столичная жизнь"*** *(18.01.2007)* газеттерінде мақалалар жарияланды.

Аты республикамызға белгілі ғалым, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА мен жоғары мектеп ҒА академигі, ғылым қайраткері, "Парасат" орденінің иегері Майя Хажетдинқызы Шығаеваның 80 жылдық мерейтойына орай ***"Жас қазақ"*** ***газеті*** *(19.02.2007)* мен ***"Қазақстанның ғылымы мен жоғарғы мектебі" газеттерінде*** *(01.02.2007)* ғалымның ұлағатты өмірі мен еңбегіне арналған көлемді мақалалар жарияланды. Сонымен қатар университеттегі тағы бір мерейтой иесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.С.Қаражанның өмірі мен қызметіне арналған мақалалар легі ***"Егемен Қазақстан"*, *"Қазақ әдебиеті"*, *"Айқын"*, *"Қала мен дала" газеттерінде*** жарияланды.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Намазалы Омашұлының жақында жарық көрген "Ақпарат әлемі" атты көптомдық шығармалар жинағының алғашқы екі томдығының жарық көруі таза журналистика саласын зерттеген тұңғыш қомақты еңбек болғандықтан бұқаралық ақпарат құралдарында зор резонанс тудырып, ол туралы республикалық БАҚ-тарда кеңінен жариялағанын жазған болатынбыз. Құнды еңбек туралы талқылаулар мен пікір білдірген мақалалар әлі күнге жалғасып келеді. Соның бірі ***"Ақиқат" журналының 2007 жылғы № 2 санында*** жарық көрген "Ақпарат айдынының бағдаршысы" атты мақала. Мұнда экономика ғылымдарының кандидаты, журналист Ж.Бекболатұлы журналистика туралы бұл еңбекке экономикалық тұрғыдан баға беріп, талдап, таразылайды.

***"Начнем с понедельника"*** газеті 2007 жылғы 19 қаңар мен 26 қаңтар күнгі екі санында қатарынан қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін қозғаған мақала, сұхбат жарияланды. Оның бірінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Аслан Жақсылықов "Куда идет литература?" деген тақырыпта сұхбат берсе, филология ғылымдарының докторы, профессор Бахытжан Майтановтың "Треволнения постмодернизма" атты мақаласы жарияланды.

Журналистика факультетінде де маңызды екі бірдей шара өтті. Оның бірі филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ телевизиясы ғылымының негізін қалаушы М.К.Барманқұловтың 70 жылдық мерейтойына орай өткізілген "Қазақстан Республикасының ақпарат кеңістігінде БАҚ-тардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту" атты конференция БАҚ тарапынан зор қызығушылық тудырып, жарыса жариялап жатты. Олардың қатары төмендегідей: ***Қазақ радиосы, Қазақ ақпарат агенттігі, "Хабар", "КТК", "31-арна", "Рахат" телеарналары*** мен ***"Новое поколение", "Сегодня" газеттері***. Осыған дейін ғалымның туған күніне қарсы *"Казахстанская правда"* газетінде арнайы бет ұйымдастырылып, университет ғалымдарының естеліктері жарияланған болатын.

Қазақ кітабының 200 жылдығы аясында болашақ баспагерлерді мамандыққа баулудың дәстүрлі жалғасы ретінде "Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын..." атты студенттер жинағының тұсаукесер рәсімі туралы ақпарат ***Қазақ радиосының*** жаңалықтарынан айтылып, ***"Қазақстан"*** мен ***"Астана"*** телеарналарынан көрсетілді.

**Ғалия АҚСЕЙІТ**
***ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі***

**Алматының студенттер қаласы екендігінде күмән жоқ. Өйткені, еліміздің беделді деген бетке ұстар жоғарғы оқу орындары осы ірі мегаполисте орналасқан. Бұл бір шетінен Алматының орнын айқындаса, екіншіден жоғарғы мектепте қызмет етіп жатқан оқытушылардың ел тәуелсіздігі мен бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы басымдығын айшықтаса керек. Осыған сәйкес, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев оқытушылардың мәртебесін арттыруды күн құрғатпай көтеріп келеді. Ол әр тарапта ыңғайлы жетістікте көрініп жатыр.**

**Осы секілді ұстаздардың мерейін үстем ету бағытында 5 ақпан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Студенттер сарайында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын салтанатты түрде тапсыру рәсімі болып өтті. Марапаттау кешінде Алматы мен Талдықорған қалаларының 96 оқытушысына "Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы" деген куәлік тапсырылды. Бір айта кетерлігі, олардың көпшілігі қасиетті қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары.**

# ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ – ЖОҒАРҒЫ МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ ҒАНА ЕМЕС МАҚТАНЫШЫ

Көптеген жанамын деген жүрекке жалын берген салтанатты кеш Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды. Одан кейін марапаттау рәсімін ашқан ҚазҰУ-дың ректоры Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын ұйымдастырудағы басты мақсаттарға тоқталды:

— "Бұл мемлекеттік гранттарды тапсыру ғылымға, ғалымдарға Елбасымыздың тарапынан жасалып жатқан үлкен сый-сияпат десек болады. Ел ғылымы мен ғалымы әрқашан Президент назарында. Мұндай жағдай ТМД елдері ғана емес





әлемнің көптеген мемлекеттерінде жасалып жатқан жоқ. Бұл бір жағынан Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында айтылған бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену бағытында ғылым мен ғалымға артылған үлкен сенім".

Отанымыздағы жоғары оқу орындарында қызмет етіп жүрген белді де беделді ғалым-оқытушыларға мемлекеттік грант беру соңғы жылдары ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен өз шешімін тауып келеді. Ол ҚР Үкіметінің арнайы қаулысымен бекітілген. Грантқа үміткерлерді іріктеу сандық және сапалық көрсеткіштерді (жоғары оқу орнындағы жұмысының соңғы 3 жыл ішінде ғылыми-зерттеу қызметін, оқу-әдістемелік қызметін) ескере отырып, "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын тағайындау ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Білім және ғылым министрінің сыйақы тапсыруға өзінің тікелей қатысуы да біраз нәрсені аңғартса керек. Бұл Жансейіт Түймебаевтың министрлік орынтаққа отырғалы бергі университетке алғашқы сапары. Сонымен қатар, ҚазҰУ Жансейіт Түймебаев өмірі үшін де өзіндік өлшемдермен әспеттеледі. Себебі, бүгінгі Білім және ғылым министрі кешегі университет аудиториясынан түлеп ұшқан түлек және де ұстаздық еткен ғұмырлық қасиетті қара шаңырағы. Жансейіт Түймебаев бұл туралы толғанысын жасырып қала алмады. Тебіреніс 2006 жылдың қорытындысы бойынша Алматы мен Талдықорған қалаларының жоғарғы оқу орындарының оқытушылары арасындағы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грант иегерлеріне куәлік тапсыру сәттінде анық аңғарылды.

"Алматы мен Талдықорған қалаларының жоғары оқу орындары арасынан шыққан үздіктерге мемлекеттік гранттарды тапсыру алаңы ретінде ҚазҰУ-дың таңдалынып алынуы тегіннен тегін емес. Бүгінде білім мен ғылым ордасы болып саналатын қара шаңырақтың елдегі өзге жоғарғы білім ордалары арасында ойып тұрып алар орны мен жаңа заман талабына сай атқарып жатқан қызметі мол. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Президенттің тұңғыш "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атануы да алдыңғы қатарлы еліміздің жоғары оқу орны болып табылатындығының тағы бір дәлелі. Университет индустриалды-инновациялық бағдарламаларды жүзеге асырып, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті мамандар тәрбиелеуде және өзім де ұстаздық еткен қара шаңырақ үздік ғалымдар мен оқытушылар жиналған ғылыми ошақтың бірі. Оның дәлелі - еліміздегі ғылыми жобалардың көпшілігі осы университет қабырғасында жүзеге асырылады", - деп баға берді өз сөзінде Білім және ғылым министрі.

Қуантарлығы сол, дәстүрлі Алматы және Талдықорған жоғарғы мектеп ұстаздары арасынан таңдалынып алынған үздіктер шоғарын тағы да Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары бастап тұр. Айталық, 2005 жылы ҚазҰУ ғалымдары мен оқытушылары 26 грант жеңіп алса, 2006 жылғы байқауда 35-і "ЖОО үздік оқытушысы" атанды.

Министрліктің мәліметіне сүйенсек, 2006 жылы конкурсқа қатысу үшін 91 жоғары оқу орнынан 902 үміткердің құжаттары тапсырылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 471 адамға артық. Үміткерлер арасында 396-ы (43,6%) ғылым докторы, 472-і (52,33%) ғылым кандидаты, (2005 жылы – 211), 6-ы (0,67%) магистрлер.

"ЖОО үздік оқытушысы" гранты – жоғары оқу орындарының штаттағы оқытушыларына олардың ғылыми-педагогтік біліктілігін арттыру, шетелде тағылымдамадан өтуді қоса алғанда ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін кәсіптік деңгейін көтермелеу және қолдау мақсатында тағайындалған.

Білім және ғылым министрі 2005-2006 жылдардағы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік гранты иегерлерінің жетістіктерін айтып, 2010 жылға дейін ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мен аттестаттауды жетілдіру тұжырымдамасына сәйкес, халықаралық философия ғылымдарының докторларын (PhD) даярлау жүйесіне біртіндеп көшу бойынша жаңа іс-шаралар жүйесін дамытып жатқандығы туралы ақпар таратты.

Бүгінгі күні Қазақстанда мамандарды даярлаудың үш сатылы моделі орнығып келеді. Олар бакалавр – магистр – доктор әзірлеу болса, министрдің айтуынша, бұл саланы әлемдік талапқа сай жүргізу жолдары жалғасып келе жатыр. Онда техникалық және орта кәсіптік білім беруді дамыту, жоғары білікті кадрлар даярлауды қолға алу жайы да назардан тыс қалып жатқан жоқ.

Бұдан басқа Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев болашақтағы жоспарымен де таныс қылып өтті. Қазақстан білім беру жүйесінің маман даярлауда Елбасы Жолдауында көрсетілгендей бәсекелестікке қабілеттілікті басты назарға алатынын жеткізген министр: "Бәсекеге қабілетті ұлт та, экономика да бәсекеге қабілетті білім-ғылымсыз жүзеге аспайды. Сондықтан, Елбасы көтеріп отырған мәселе Қазақстанның білім беру және ғылым саласындағы жаңа сатыға өтудің кезеңдік бір іс шарасы ретінде қарастырылады", - деді. Министр өз сөзінде кәсіптік білім беруді алдағы уақытта жоғары дәрежеге көтеру мәселесін баса айтып, техника тетігін терең және жетік меңгерген білімді де білікті маман дайындауға назар аударатынын қадап айтты. Және де білім беру мекемелерінің базасын заман талабына сай жабдықтау, әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу барлық жоғарғы мектеп үшін басты міндет екенін, әрбір білім ошағы білім мен ғылымда басты көрсеткіш болу керектігін сөз етті.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен жүзеге асырылып жатқан "Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік гранты Қазақстан ғылымы мен ғалымына елеулі түрде серпін бере бастағанын айта кетуіміз керек. Өйткені, жыл сайын оның қатарынан көрінуге деген талпыныс ұстаздар тарапынан көбейіп келеді. Бұл бір мекемеде қызмет етіп жатқан жоғарғы мектеп оқытушыларының өзінің ішінде өзара бәсекелестікті тудырғандығы ақиқат. Ал, бәсеке болған жерде сапаның көтерілетінін ескерсек, бұл Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену бағытындағы басты міндет екені даусыз.

**Ақерке АЛПАРОВА**

## Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы" мемлекеттік грантын иеленген ұстаздарының тізімі:

1. Ақанбай Нұрсадық
2. Әбдібеков Уәлихан Сейділдәұлы
3. Алдабергенов Майлыби Қапанұлы
4. Бадаев Серікжан Ағыбайұлы
5. Байтенова Нағима Жаулыбайқызы
6. Байшоланов Сәкен Советұлы
7. Бейсенғали Зейнол-Ғабен Қабиұлы
8. Бейсенбаев Амангелді Қуанбайұлы
9. Бүркітбаев Мухамбетқали
10. Губайдуллина Мара Шауқатқызы
11. Жакупов Сатыбалды Мұқатайұлы
12. Жуанышбеков Нұрболат
13. Дускаев Қасым Қоянбайұлы
14. Жапбасбаев Ұзақ Қайырбекұлы
15. Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы
16. Иватова Ләйлә Мурзалинқызы
17. Ивашенко Анатолий Тимофеевич
18. Исаев Әджімұрат Алыбайұлы
19. Кангужин Балтабек Есматұлы
20. Қожамқұлова Ләззат Төлегенқызы
21. Қаражан Қуанышбек Сүлейменұлы
22. Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы
23. Кукеева Фатима Тұрарқызы
24. Құндақбаева Жанат Бекенқызы
25. Мамынова Бағдан Қатайқызы
26. Мұхамедиев Болат Минтайұлы
27. Нұржанов Бекет Ғалымжанұлы
28. Сабитова Зинаида Какбаевна
29. Садырова Мәнсия Сапарғалиқызы
30. Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы
31. Түкеев Уалшер
32. Түлембаева Айгүл Нұралиқызы
33. Черных Ирина Александровна
34. Швыдко Алексей Александрович
35. Шмыгалева Татьяна Александровна

**P.S. Мемлекеттік грант иегерлерін ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамы атынан "Қазақ университеті" газетінің ұжымы шын жүректен құттықтайды!**

**Конференция**

**Под таким названием 25-26 января 2007 года в КазНУ им. аль-Фараби состоялась 37 традиционная научно-методическая конференция профессорско-преподавательского состава. Ректор КазНУ им. аль-Фараби Т.А. Кожамкулов открыл конференцию и выступил, отметив, что проведение реформ таких как: Phd-доктор философии, кредитной технологии обучения, изменения подхода к обучению в сфере образования-необходимы, и поставил задачу выполнения этих реформ перед профессорско-преподавательским составом.**

# “Стратегия КазНУ имени аль-Фараби: к экономике знаний через развитие инноваций в образовании”

На конференции поднимались два вопроса: о подготовке магистрантов “Магистерская подготовка – важный этап на пути построения конкурентоспособного общества и государства: состояние, достижения, стратегия развития” и по экологическому воспитанию молодежи “Методические аспекты экологизации традиционных областей знаний”. В конференции приняли участие 325 преподавателей университета, а также представители других высших образовательных учереждений.

На пленарном заседании, посвященном, открытию конференции выступили первый проректор З.А.Мансуров с докладами на темы: “Некоторые проблемы развития инноваций в образовании”, проректор по учебно-методической работе Ж.Д.Дадебаев - “К экономике знаний через развитие инноваций в образовании” и деканы факультетов.

В плане работы был сделан большой акцент на основные приоритеты развития образовательной деятельности. В первую очередь, это качество образования, определяемое в соответствии с международными стандартами, путём повышения внедрения новых технологий обучения и развития содержания высшего профессионального образования, их компьютеризации и информатизации, а также совершенствование форм и методов воспитания молодежи в духе патриотизма и физического совершенства.

***Проводимая программа конференции включала в свой состав пять секции, разделенных по собственным тематикам***

***Секция №1 Система менеджмента качества в организации образовательного процесса университета;***

***Секция №2 Совершенствование содержания, форм и методов обучения в контексте современных потребностей индустриально-инновационного общества;***

***Секция №3 Внедрение кредитной технологии обучения: опыт и проблемы;***

***Секция №4 Развитие инновационных технологий и информатизации в учебном процессе;***

***Секция №5 Совершенствование системы воспитательной работы в университете;***

Участники делились на специальные подсекции в состав, которого входили особенности внедрения кредитной технологии в преподавании социально- гуманитарных и естественных дисциплин, личностно – ориентированное образование при кредитной технологии обучения, лингвокультурологический подход к обучению языка в современных условиях глобализации, а также информационные и коммуникационные технологии в преподавании и обучении, воспитание молодежи в духе национального патриотизма как один из путей обеспечения конкурентоспособности страны, совершенствование форм и методов физического воспитания и спортивного мастерства студенческой молодежи.

Всеми участниками конференции университета было единогласно сказано, что актуальным вопросом остается качество образования. Доказательством актуальности этой проблемы является подписание КазНУ им. аль-Фараби Великой Хартии университетов в г.Болонья, которая предусматривает реализацию международных стандартов высшего образования, повышение требований к уровню и качеству образования, создание системы контроля качества образования и образовательной деятельности, повышением требований к уровню знаний и профессиональной подготовки выпускников на внутреннем рынке труда, и усилением конкуренции на рынке образовательных услуг.



С целью повышения качества образования университета, путем совершенствования и внедрения активных методов и инновационных технологий обучения участники конференции предложили специальные варианты решения, это проводить систематическую работу по оснащению учебного процесса современными информационно-коммуникативными технологиями, мультимедийными и лингофонными кабинетами, новым оборудованием; продолжить работу по разработке электронного учебно-методического комплекса по дисциплинам специальностей, компьютерных программ, электронных учебников, учебных пособий для стационарного и дистанционного обучения; совершенствовать компьютерную систему для самостоятельной работы студентов, которая включает электронную библиотеку и систему компьютерного тестирования для самоконтроля усвоения знаний; разработать законодательную, материально-техническую и информационно-методическую основу для внедрения и развития дистанционного обучения; создать при библиотеке университета студенческий книгообменный фонд для сдачи использованных книг личной библиотеки и получения необходимой литературы для организации СРС и СРМ; модернизировать, оптимизировать и повысить эффективность системы Интернет для использования в дистанционном обучении.

А также были затронуты темы продолжения работы по интеграции высшего образования с наукой и производством, в пределы которого входит совершенствование процесса переподготовки, и повышения квалификации преподавателей на основе кредитной технологии, и предоставлять возможность для повышения квалификации ППС КазНУ не только в рамках ИПК, но и в других образовательных структурах города, страны за счет университета. Разрабатываются программы курсов по выбору и технологии обучения с учетом приоритетных направлений нового технологического порядка: био- и нанотехнологий; искусственного интеллекта; глобальных информационных сетей; энергосберегающих технологий; логистики; экспертизы и оценки нематериальных активов, интеллектуальной собственности, недвижимости; правосудия, применительно к судебной практике с учетом междисциплинарных связей. На фоне образования активизировать деятельность ППС, молодых ученых, аспирантов, докторантов в опубликовании научных работ и результатов в зарубежных изданиях с высоким импакт-фактором, и осуществлять подготовку докторов философии (PhD) и докторов наук по профилю в тесном сотрудничестве с зарубежными учреждениями образования и науки, имеющими аккредитованные образовательные программы докторантуры, при этом усилить ответственность казахстанских и зарубежных научных консультантов и лекторов по подготовке докторов PhD и разработать систему для более качественного набора докторантов PhD. Специально для докторов PhD разработать и утвердить до нового учебного года экспериментальные программы по специальностям: деловое администрирование, космические исследования, биотехнологии, нанотехнологии. Рекомендовано создать фонд творческого развития ППС для материальной поддержки, поощрения, командировок, творческих отпусков для написания книг, учебников и премирование лауреатов конкурса “Лучший преподаватель года КазНУ”, в связи с этим разработать нормативно-правовую документацию, регламентирующую все аспекты подготовки высокопрофессиональных кадров, учитывающую изменения финансирования учебного процесса и оплаты труда преподавателей.

На пленарном заседаний также было отмечено действия усиление внимания воспитанию студенческой молодежи в настоящее время. В работу со студентами входит формирование мировоззрение, активная жизненная позиция и развитие личности студентов на основе национальных и общечеловеческих ценностей; создавать воспитательную среду, способствующую формированию гражданского патриотизма, чувства высокой ответственности и долга перед Отечеством за будущее казахстанского общества; организовывать мероприятия, направленные на пропаганду здорового образа жизни.

В заключение конференции участники констатировали, что за последние годы достигнуты значительные успехи в реформировании высшего образования республики: внедрена многоуровневая система высшего образования (бакалавриат-магистратура), получили распространение новые технологии организации учебного процесса, такие как кредит-система и инновационные формы и методы обучения, внедряется система менеджмента качества (СМК) и др. так как проводимые реформы направлены на гармонизацию отечественной системы образования с международным образовательным пространством, достижение более высокого качественного уровня профессиональной подготовки и адаптации, будущих специалистов к изменяющимся условиям нового века.

**Шынар УСКЕМБАЕВА**

***Дөңгелек үстел***

# Мемлекеттік тіл – бәсекеге қабілеттілік стратегиясының өзегі

**Ертеректе көшпенді бір елді сырттан келген жау басып алады, қамсыз жатқан ел түгелдей тұтқын болады, сол кезде жау басшыларының бірі қол аяғы байлаулы тұтқындарды келемеждеуге келіп аралап жүреді. Ол аз дегендей, оларға қолдарынан келгенінше жүктерінді көтеріп, еркек кіндіктілерден өзгелерің шыға берулеріңе рұқсат деп мазақтайды. Ал өзі тұтқындардың іс-әрекетін сырттан бақылап тұрады, сонда ақ басты, түсі игі, мейірбан жүректі бір әйел өз баласын жетегіне алып жан жарын иығына асып, қалғандарына да осылай істеңдер деп бұйрық беріп есікке беттейді. Өз сөзінен өзі ұсталған басшы ләм деуге шамасы келмей, состиып тұрып қалыпты. Бүкіл ер азаматын, ел-жұртын құтқарған ананың құрметіне сол ел өз тілін ана тілі деп атайтын болыпты.**

“Тіл дегенде тебірен, ел дегенде емірен” – деген екен батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы. Ел ұлы осы нақылының соңын кеңейтіп, тағы да: “Ана тілін білмеген – ана сүтін таттағанмен тең” деген екен. Ал Елбасымыз туған тілге байланысты Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде былай дейді: “Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл - Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді нышан. Ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл посткеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек. Ол кез-келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім. Әлемде көпұлтты елдер аз емес. АҚШ-ты, Ұлыбританияны, Францияны, Германияны, Ресейді алып қарайық. Олар көпұлтты және бұл елдерге көптеген эмигранттар келіп жатады. Бұл мемлекеттерде мемлекеттік тілді білмей өмір сүруге және жұмыс істеуге бола ма? Әрине жоқ. Егер тіл туралы алғашқы заң 17 жыл бұрын 1989 жылы қабылданғанын, ал мемлекеттік тілде іс жүргізуге 16 өңірдің тіпті жартысы да көшірілмегенін еске түсірсек, біздің елдегі қазақ тілінің шынайы жағдайы айқын бола түседі”. Бұл сөз халықты тебірентіп, шенеуніктерді бір ойландырып тастады. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үдерісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім. “Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады” - деген екен Расул Ғамзатов. Сол ана тіліміздің құрметіне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының бастамасымен ҚР Президентінің “Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасының 10 жылдығына орай “Мемлекеттік тіл – бәсекеге қабілеттілік стратегиясының өзегі!” атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде философия және саясаттану факультеті философия және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, филос.ғ.к. А.Т. Құлсариеваның “Тіл және мәдениет” тақырыбында және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың пікір-сайыс клубының мүшесі Ерік Іляистің “Мемлекеттік тілді бәсекеге қабілетті ету жолдары” тақырыбында баяндама жасады. Аталған тақырыпта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының мүшелері өз ойын ортаға салды. Аталған дөңгелек үстелге Бостандық ауданы әкімшілігі, Бостандық ауданы жоғары оқу орындарының студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының өкілдері, қалалық тілдерді дамыту департаментінің өкілдері қатысты.

Сонымен қатар аталған шарада “Мемлекеттік тіл менің тілім!” атты өзге ұлт өкілдері арасында өткізген байқау жеңімпаздары да қатысты. Дөңгелек үстел соңында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттер мәлімдеме қабылдады.

**Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА**

■ *Юбилей*

**2006-2007 учебный год ознаменован юбилейным для нашего вуза событием - 10-летием организации и внедрения магистерской подготовки практически по всем направлениям специальностей, реализуемым университетом.**

**Отрадно отметить, что юбилейная дата совпала со знаменательной вехой развития нашей независимой республики - принятием стратегии ее прорыва к построению конкурентоспособной экономики и государства.**

**Как отметил Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своей лекции для студентов и ППС Евразийского университета им. Л.Н.Гумилева – “Одним из ключевых приоритетов является развитие современного образования и передовой науки. …Нации конкурируют не только товарами и услугами – они конкурируют системами общественных ценностей и системой образования”.**

Первыми руководствами по магистерской подготовке для вузов республики и итогом поисков новых форм совершенствования модели образовательного процесса стали сборники - “Магистратура КазНУ им. аль-Фараби (цели, основополагающие принципы)”, “Институт магистратуры: государственная стандартизация, нормативы. Организация и основные компоненты учебного процесса, востребованность и трудоустройство” (2001 г.). Новые концептуальные подходы по организации и практической реализации кредитной системы обучения представлены в книге «Институт магистратуры: организация образовательного процесса на основе кредитной технологии» (2003г.). Значение этих изданий определяется видением содержания и перспектив магистерской подготовки.



**Ж.Х. ТАШМУХАМБЕТОВА,** ***начальник отдела магистратуры***

# Магистратура на пути интеграции в мировое образовательное сообщество

## *(К 10-летию магистратуры КазНУ им. аль-Фараби)*

В этой связи следует понимать, что магистратуре как одному из центральных звеньев многоуровневой подготовки специалистов с высшим научно-педагогическим образованием отведена важная роль в процессе интеграции отечественной и мировой образовательных систем.

Ставя перед собой очередные задачи по улучшению качества подготовки магистров, укрепления и совершенствования организации учебно-методического, научно-методического, материально-технического и информационного обеспечения конкурентоспособности выпускников магистратуры, КазНУ им. аль-Фараби вносит инновации в общее дело развития отечественного образования.

За годы функционирования магистратуры нашим университетом подготовлено более 3 тысяч специалистов, из них более 90 % востребованы и трудоустроены в различных отраслях образования, науки и производства.

В настоящее время университет осуществляет обучение по 42 специальностям магистратуры. Обучение проходят 1021 магистрант, из них 997 на основе государственного заказа, что не имеет аналогов в республике.

КазНУ им. аль-Фараби стал своеобразной лабораторией республики по разработке и внедрению новых специальностей и государственных стандартов, востребованных временем с преимущественно практической направленностью подготовки специалистов-магистров.

Уже к концу 1996 года отделу магистратуры университета присвоен статус республиканского центра магистерской подготовки, что явилось подтверждением высокой оценки работы, проведенной за период, истекший со дня открытия магистратуры.

В интересах качественной реализации и внедрения основ магистерской подготовки был организован широкий обмен опытом на научно-методических конференциях ППС, международных школах-семинарах, в работе которых приняли участие представители государственных и частных вузов республики, а также вузов ближнего и дальнего зарубежья.

Сегодня опыт ведущих зарубежных вузов реализован в нашем университете в виде общепризнанной в мировой практике технологии обучения, основанной на взаимозачете учебных достижений в виде кредитов.

Этот этап в магистерской подготовке был также ознаменован большой научной, учебно-методической и организационной работой всего коллектива университета, руководителей подразделений и опытных методистов отдела магистратуры.

На современном этапе в магистратуре обозначились новые задачи, обусловленные пересмотром классификатора специальностей и Государственных общеобязательных стандартов образования. В этой связи неотложного решения требует разработка положений по формам и методам организации всех видов самостоятельной работы магистрантов в условиях приоритета личностно-ориентированного подхода в обучении, его максимальной индивидуализации и смещения акцента в сторону сближения теоретической и научно-исследовательской составляющих процесса обучения.

Особое внимание необходимо обратить на решение вопросов организации НИРМ, контролируемой преподавателем СРМ, педагогической и профессиональной практик, планирования бюджета времени в магистратуре и изыскания возможностей дифференцированной оплаты труда преподавателей. Требуют решения вопросы организации дистанционных форм обучения.

Безусловно, что на пути построения новой отечественной модели специалиста нового качества - магистра наш коллектив столкнулся и с трудностями. Однако мы уверенно и с оптимизмом смотрим в будущее, так как известная мудрость гласит – “дорогу – осилит идущий”.

Минувший год ознаменован присвоением нашему университету премии Президента РК “За достижения в области качества” и кубка “Алтын сапа”, как свидетельство качества образовательной деятельности и в том числе в области магистерской подготовки. Столь высокая оценка наших достижений вселяет энтузиазм и стремление к дальнейшему росту.

Позвольте поздравить коллектив КазНУ им. аль-Фараби со знаменательным юбилеем магистратуры и пожелать дальнейших творческих достижений!

---

**Т.А. КАРПЕНЮК,**
***д.б.н., профессор:***

### “Большая дорога начинается с первых шагов…”

Большая дорога начинается с первых шагов и делать эти шаги доверили лучшим специалистам биологического факультета, в их числе академики НАН РК М.Х. Шигаева, Р.И. Берсимбаев, заведующие кафедрами, профессора А.Т. Иващенко, А.А.Жубанова, Н.М. Мухитдинов, С.Т. Нуртазин, С.Г. Нестерова, К.А. Сапаров и многие другие, составившие ядро творческих коллективов по разработке нормативной документации, регламентирующей учебный процесс на второй ступени обучения.

За прошедшие 10 лет на факультете в целом решена проблема с компьютерным оснащением процесса обучения, стала доступной система Интернет, что значительно улучшило качество преподавания и подготовки магистров. Созданы научно-педагогические школы и расширена научная инфраструктура факультета. Осуществляется взаимодействие с ведущими научными центрами, отраслевыми и ведомственными учреждениями, развивающими приоритетные для Казахстана направления исследований.

Несомненно, что реализация нормативов, заложенных в кредитной системе обучения, таких как увеличение часов самостоятельной работы, увеличение числа рубежных контролей, дифференцированность оценки знаний, также как и насущная необходимость ориентации современного учебного процесса на широкое использование информационных и коммуникационных технологий, способствует повышению эффективности образовательного процесса.

**С.Т. ТУЛЕУХАНОВ,**
***д.б.н., профессор:***

### “Проблемное обучение, как важнейший элемент самообразования…”

Сегодня магистратура – признанная научно-педагогическая школа по подготовке биологов различного профиля, обладающих широким кругозором и способных самостоятельно решать определенный круг научных задач. Вклад в подготовку магистров на кафедре физиологии человека, животных и биофизики вносят академик НАН РК К.Т.Ташенов, член-корр. НАН РК Х.Д.Дюсембин, профессора С.Т.Тулеуханов, В.М.Инюшин, З.Г.Бияшева, Н.Т.Торманов, Ж.Н.Нургалиев, ведущие доценты А.Б.Еланцев, З.А.Аскарова, С.С.Маркеева, А.А.Маутенбаев, специализирующиеся в самых различных отраслях физиологии и биофизики, обеспечивая прочный фундамент знаний будущих магистров-биологов.

Особое внимание уделяется постепенному, осознанному внедрению в магистерскую подготовку проблемного обучения, как важнейшего элемента самообразования. Наибольшая его эффективность возможна лишь в том случае, когда осуществляется мониторинг качества знаний, получаемых магистрантами в процессе обучения.

Обширным является список институтов и учреждений, где проводится научно-исследовательская работа магистрантов с применением современных технологий. Очевидна практическая заинтересованность различных научных организаций в подобных совместных исследованиях.

Образовательная среда на биологическом факультете ориентирована главным образом на самореализацию магистрантов в самых различных областях науки, наиболее успешные выпускники защищают кандидатские диссертации. Уверен, что потребность в таких специалистах будет расти, их ждут интересная и увлекательная работа, новые научные открытия.

**К.Т. ЖУМАГУЛОВ,**
***д.и.н., профессор, Почетный профессор Геттингенского университета:***

### “Historia est magistra vitae…”

Это мудрое изречение древних означает - “История - наставница жизни”. Латинское слово “magister” переводится как “наставник, учитель”. Со времен первых университетов в Европе конца XI века история входила в обязательный курс обучения.

За 10 лет функционирования магистерской подготовки казахстанская наука, образование, политические, экономические и другие структуры страны получили подготовленных специалистов, в их числе преподавателей, исследователей, руководителей ведомств и организаций, менеджеров самых различных сфер общественной деятельности государства.

Большой вклад в подготовку конкурентоспособных специалистов по всемирной истории вносит кафедра истории древнего мира и средних веков зарубежных стран, отметившая недавно свой 15-летний юбилей. Определенные достижения у нас уже имеются - двое выпускников успешно окончили курс обучения в магистратуре Парижского и Варшавского университетов. Однако с целью подготовки востребованных магистров следует усилить лингвистическую базу обучения, что необходимо им для анализа источников и литературы на соответствующих языках, а также продолжения учебы за рубежом и стажировок.

В соответствии с современными мировыми тенденциями необходимо совершенствовать процесс обучения магистров и докторов PhD по истории, языку, культуре, ментальности народов и государств практически всех регионов. Приоритетными направлениями здесь должны стать исследование и изучение истории сопредельных государств, а также Европейского Союза, США, стран мусульманского мира.

**Н.А. АЛДАБЕК,**
***д.и.н., профессор.***

### Магистры должны оставаться “штучным товаром”

В юбилей принято подводить итоги и строить планы на будущее. Хотя впервые магистратура на факультете востоковедения была открыта в 1996 году, новая страница в ее истории началась в 2002 году, когда научный потенциал значительно возрос, и была внедрена двухступенчатая подготовка “бакалавриат-магистратура”.

Особый вклад в развитие и становление магистратуры внесли профессора Ким Г.Н., Кумисбаев У.К., Алдабек Н.А., Чупеков А.А., доценты Надирова Г.Е., Джубатова Б.Н., Ахметбекова А.К., Калиева Ш.С., Таджикова К.Х., Карсаков И.Б. и др.

Отличительной особенностью магистратуры факультета востоковедения является то, что к процессу обучения широко привлекаются иностранные преподаватели. Для многих магистрантов это прекрасная школа и возможность получить знания “из первых рук” у лучших специалистов из стран Востока.

Мы делаем все возможное, чтобы магистранты могли участвовать в семинарах, организованных зарубежными вузами и научными институтами с получением соответствующих сертификатов, а также пройти научную стажировку за рубежом.

В отличие от бакалавров магистры факультета востоковедения должны оставаться “штучным товаром”, доведенным до уровня мировых стандартов. И тогда наше звание “магистр” будет звучать также гордо как в Сорбонне, Кембридже, Гарварде и других храмах знания и науки.

## ■ Кафедра

# БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Ұлттың келешек кескін-келбеті бүгінгі ұрпақ тәрбиесінен көрінеді. Тәрбиесі түзу болған жастардан нағыз ұлтшыл ұрпақ шықпақ. "Баланы жастан" деп, тәрбиесін тал бесіктен бастайтын қазақ ежелден өз баласын саналы етіп өсіруге ұмтылған. Бесіктегі баласын жырмен бөлеген, ертегімен есейткен ата-бабаларымыз халық мұрасын замана көшінен қалдыртпай, бүгінге жеткізді. Аңыз-әңгіме, жыр-дастандар арқылы баланы адалдыққа, әділдікке тәрбиелеп, батылдыққа баулыды. Бұл қазақ халқының ұрпақ тәрбиесін алдыңғы қатарға қойғандығының нақты көрінісі. Сол кездегі халықтың ауыз әдебиеті бүгінде том-том кітаптарға айналды.

Балаларға арналған иллюстрацияланған тарихтағы ең алғашқы кітап – 1657 жылы жарық көрген Ян Амонс Каменскийдің "Мир чувственных вещей в картинах" атты кітабы саналады. Қазақ кітабының тарихын зерттеуші, ғалым Ү.Сүбханбердина "ең алғашқы қазақ балалар басылымы 1862 жылы шыққан" дейді. Қазан университетіндегі баспаханадан жарық көрген "Ер Тарғын" жырын Ильминский бастырған еді. Одан бергі бір жарым ғасырдың ішінде қазақ баласына арналған талай басылымдар шығып, әр қоғам мүшесін өмір өрнектерімен таныстыра, өнер-білімге деген құштарлығын оята, жақсылыққа, мейірбандыққа шақырып, адамның мінез-құлқының қалыптасуына үлкен ықпал жасау үстінде. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов: "кітап атаулы дос бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады", – деп бекер айтпаса керек. Яғни, баланы кітаппен неғұрлым жақын таныстырсаңыз, соғұрлым онымен достасып кетуге мүмкіндік мол. Орыс кітабының теоретигі Н.Таранов балаға кітапты 8 айлығынан бастап беруді ұсынады. 8 айлық балаға қандай кітап беру керек? Таранов жас сәбиге пластмассадан жасалған, кірлеген кезде жуып-шаюға болатын ойыншық-кітапшаны беруге болады және бала кітапшадағы суреттерге қарап көздерін үйрете береді деген тұжырым жасайды. Мектепке бармаған балалар үшін кітапша ойыншықтар шығарылады. Кітапша-ойыншықтар - өзгеше құрылымдық пішімі бар, эстетикалық және ақыл-ойды жетілдіру үшін қолданылатын басылым. Олардың: кітапша-керме (ширмочка), қатпарланған бүкпелі кітап (кітапша-гормошка), кітапша-зырылдауық (вертушка), кітапша – понорама, кітапша-бұйым (поделка), кітапша мүсін (фигура), ойын элементті кітапша деген т.б. түрлері бар. Және Ресей баспалары кітаптарының ішінде жоғарыда айтылған түрлердің барлығы кездеседі. Ал, қазақ баспаларында балаларға арналған кітаптардың жұтаңдығы бірден байқалады. Алматы дүкендерінің бәрін бүлдіршіндерге арналған Ресей баспаларының кітаптары жаулап алған. Неше түрлі бояма, көркем етіп шығарып, жұтындырып қояды. Қазақ баспаларының кітаптары жетім қозыдай жаутаңдап, түпкі бұрышта тұратынына етіміз өліп, көзіміз үйреніп кеткелі қай заман. "Аруна", "Балауса", "Балалар әдебиеті" баспаларының азын-аулақ өнімдері Ресейлік кітап басу мен таратудың күшті жүйесімен бәсекеге түсе алмай отыр. Қазақ оқырманы дүкендерде қазақша кітап жоқ болғандықтан, орыс кітаптарын сатып алуға мәжбүр. Сондықтан, мемлекет үшін ұлттық балалар басылымдарын шығаратын баспалардың алдына мәдениетімізді дәріптейтін кітаптар шығаруды ең басты мақсат етіп қою қажет болып тұр. Өйткені, бала болашағына жауапкершілікпен қарау – елдің болашағына деген сенімді тудырады.

**Үмітжан БАКЕЛЕКОВА**

**РЕДАКЦИЯДАН: Сізді қандай мәселе толғандырады, азамат. Бөлісківіз келсе, "Кафедра" мінбері сіздікі. ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

## ■ Қазақ баспа кітабына — 200 жыл

# ҚАЗАҚ КІТАБЫНЫҢ КЕШЕСІ мен БҮГІНІ БЕЛГІЛІ ал ертеңі қандай?



Биыл қазақ баспа кітабының жарық көргеніне 200 жыл. Ауыз әдебиетіміздің тамыры тереңде, жазба дәстүріміздің ғұмыры талай ғасырларды басынан өткерді десек те, кітап шығарудың Гутенбергтік әдісі қазақ даласына кешігіп болсын келгеніне екі ғасыр. Қазақ баспа кітабының бастауы 1807 жылы Қазан қаласынан шыққан "Сейфұлмәлік" қиссасы саналады. Содан бастап қазақ баспа кітабы талай кезеңдерді бастан өткерді. Алғашқыда діни кітаптар мен бір-екі қазақ дастан шежірелерінің шығуымен шектелсе, соңына қарай халық ауыз әдебиетінің алуан түрлі үлгілері, шығыс әдебиетінің кесек-кесек туындылары, ғұлама оқымыстылардың ғылыми еңбектері том-том болып жариялана бастады. Бірақ аяғын қалт-құлт етіп енді тәй-тәй басқанда шовинистік саясаттың құрығына ілінді. Осыған байланысты, қазақ кітабының бір алуаны ұлт-азаттығы тақырыбына ойысса, енді бір тармағы қазақты орыстандыруға тырысқан миссионерлік насихат уытын жайды.

Осы кезеңдерде ел зиялылары қазақты өз кітабы ғана ояга алатынын түсінді. 1900-1917 жылдар аралығында Абайдың тұңғыш жинағы, тұңғыш қазақ романы "Бақытсыз Жамал", Ахмет Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқыш", "Тіл құралы" сынды бүгінге дейін өз құндылығын жоймаған басылымдар жарық көрді. Ахмет Байтұрсыновтың "Масасы" мен Міржақып Дулатовтың "Оян, қазағы!" қазақ кітабының нағыз бұқаралық ақпарат құралына айналғандығын дәлелдеді. Саясаттың сынына ұшыраса да, мыңдаған таралыммен қайта басылып отырды. Себебі халықтың көкейіндегі мәселелерді көтерді, ұлттың ұлы мақсаттарын ту қып ұстады. Қазақтың ағартушысы бола білді.

Кеңес Одағы кезінде қазақ кітабы ағартушылық қана емес, идеологиялық құралға айналды. 1920 жылдың 3 қарашасында Қазақ АССР-інің Орталық атқару комитеті "Қазақстанның мемлекеттік баспасын құру туралы" Декрет қабылдады. Бұл құжат Қазақстандағы мемлекеттік баспалардың құрылуының басы еді. Салалық баспалар қызметі кеңінен дамыды. Иә, ортақ кеңестік идеология болды. Цензура әр басылымды сүзгіден өткізіп отырды. Бірақ, нақ осы кезеңде әлем мойындаған әдебиетке кеңінен жол ашылды. Қазақ жазушыларының туындыларын әлем тани бастады. Мұхтар Әуезов арқылы әлем Абайды таныды, қазақты таныды, "Абай жолы" арқылы қазақ тілінің байлығын, Мұхтар Әуезовті мойындады. Қазақ әдебиеті классиктерінің туындылары миллиондаған тиражбен жарық көрді. Әлем классиктерінің қатарынан ойып тұрып орын алды. Кеңестік идеология қамыты арқасына батса да, жазушыларымыз қазақтың қазақтығын сақтап қалды. Сондықтан да, қолына қалам алып күрескен жазушылардың халық арасындағы беделі жоғары болды. Соғыс жылдары әр солдаттың қойнында "Абай жолы" сарғайды. Әрбір қазақ қызы "Еңлік-Кебекті" оқып өсті. Ұлпандай ел анасы болуды армандады. Қазақтың басынан өткен талай "Аласапыранды" сезінді. "Көшпенділер" арқылы тектілігін таныды. 1975 жылы шыққан "Аз и Я" қазақ кітабының тарихында жаңалық болды. Кітаптың нағыз құндылық екені дәлелденді. Ұлттың ұлылығын танытқаны үшін саясат жылан жалағандай жоқ қылмақ болған, "қоғамға аса қауіпті" кітапты астындағы жалғыз атын беріп, қалап алар халық мыңдап саналды. Бұл ұлт үшін ұлы жеңіс, қазақ кітабы үшін керемет жетістік еді. Қазақ кітабы "Мен қазақпын, мың өліп мың тірілген" деп әлемге жар салды.

Көзбояушылыққа негізделген кеңестік идеология құлдырады. Қайта құру басталды. КСРО құлап, қазақ мемлекеті тәуелсіздікке қол жеткізді. Мұнымен қоса қазақ кітабы да өз тәуелсіздігін алды. Бірақ бұл қазақ кітабына оңайға соққан жоқ. Нарық екі бүйірден қысты. Қағаз жетіспеді, салық иыққа салмағын салды. Сарғайған парақты кітаптар да шықты, Миллиондаған таралым туындылар көзден бұлбұл ұшты. Көптеген баспалар жылына 1-2 басылым шығарған кездер көп болды. Нарық аждаһадай көрінді. Бірақ, өмір алға жылжыды. 1992 жылы "Атамұра" тұңғыш жекеменшік баспасы құрылды. Қазақ кітабы күлге оранған "Отырар кітапханасы" болып қайта гүлденді. Тарих беттерінің ақтаңдағы – Алаш мұрасы халықпен сағынысып қайта қауышты. Қазақ кітабының ұлы көші одан әрі жалғасын тапты. Халық нарық қағидаларын меңгермей пайда түсіру мүмкін еместігін түсінді. Мемлекет те аяғынан тік тұра бастады. Сыни кезең артта қалды. Руханиятқа да көңіл бөліне бастады. 2004-2006 жылдарды қамтитын "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Тәуелсіздіктің соңғы жылдары қазақ кітабының дамуы жолында біраз шаралар қолға алынды. Ортаазиялық мемлекеттердің қатысуымен "Ұлы Жібек жолымен" халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесі өткізіліп келеді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен қазақстандық баспалар халықаралық 57-Франкфурт жәрмеңкесіне, 18-халықаралық кітап жәрмеңкесіне қатысты. Мәскеу жәрмеңкесі аясында өткен ТМД мемлекеттерінің 2-Халықаралық "Кітап өнері" байқауында қазақ кітабы бас жүлдені жеңіп алды.

Қазақ баспа кітабы осы уақытқа дейін қанша қазақ оқырманына рухани азық болды. Бүгінгі күні мемлекетіміздің егемендігін нығайтып, тәуелсіздігін тәу етер азаматтарды тәрбиелеу, заманға сай маман мен адам тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Ендеше, ойлануымыз керек (!). Неге қазақ кітабы ең көп дегенде 3000-5000 таралымнан аспай отыр? Неге ауылдық оқырманға қазақ кітабы жетпей отыр? Неге жазушыларымыз кешегідей құрмет пен беделге ие емес? Аталған сауалдар тек қана әрбір баспа, кітап тарату орындары жауап беретін сұрақтар емес, мемлекетті де толғандыратын мәселе болуы керек. Себебі, келешекте қазақ кітабы тәуелсіз Қазақстанның болашағын қалыптастыратыны айдан анық.

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

## ■ Алаштан қалған асыл сөз

# Мұхтар ӘУЕЗОВ: Ана тілі әдебиетін сүйіңдер

Әрбір саналы, мәдениетті азаматқа ана тілі мен сол ана тіліндегі әдебиеттің қадір-қасиеті, мәні, нәрі қандай болатынын қысқа сөз көлемінде таратып айтпай-ақ қоямыз. Ол даусыз айқын ақиқат дәрежесіндегі қымбат шындық болғандықтан жалпы жайға тоқтау орнына нақтылы сөзге келейік.

Ана тілі мен ана тілі әдебиетін әрбір жас буынға екі алуан жолмен жақын етіп білдіру бар. Бұның сара жолы – мектеп арқылы оқып білдіру. Екіншісі, ұзақ болса да кейде өнімді, қонымды болатын, әр адамның өздігінен оқу іздеу арқылы сол ана тілі әдебиетіне баурай білуі бар.

Анығында ең мәнді, өнімді жолды айтсақ, жаңағы екі түрлі білудің бір араға қосылуынан туатын оқу жолы... Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интелигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани-ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады. Тегінде қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үшін әдебиетті білу жалпыға ортақ. Әр адамның ең жақын досы – кітап болғанда, сол нәрлі достық ең әуелі әдебиет кітабымен достасудан басталады.

Тегінде солайша, кітап аталы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады. Болмаса интеллигенттік сырт көріністе емес екені былай тұрсын, бір ғана мамандықпен тар ғана көлемде қалып іздену, ізерлеуі тоқырап қалған адам да толық мәнді интеллигент емес.

Осы ретте аға халқымыз үлгісі мол, дос жұртымыз орыс халқының интеллигентіне үлкен үлгі берер әдет тәрбиесі жағынан өзгеше көз салу керек. Орыстың, европаның интеллигент аталатын адамдары тегінде кітапты аса көп оқиды...

Бірталай қызметкерлер олардың үй іші кейде тіпті қазақ әдебиетін, ол әдебиеттің көрнекті нұсқаларын, орысша аударылған түрде ғана оқиды. Оны да дәстүрі зор, мәдениеті мол орыс оқушысы құптап, мақтағаннан кейін ғана амалсыздан оқығандай оқитындары да жоқ емес. Осындай оқушының бар екені де даусыз. Әрине бұл жәй ол адамдар үшін сорлылық!

Кей уақыттарда оқытушылар арасында әдебиет тіл жайы емес, математика, физика сияқты сабақтарды оқытатын қазақ мұғалімдері арасында да ана тілі әдебиетін онша біле қоймайтын жайсыз көріністер байқалатын тәрізді.

Қысқа мақала көлемінде осы жоғарыда аталғандай жайды, жайсыз күйлерді еске ала келе айтарымыз: қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, ана тіл әдебиетін сүю шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығынан аттаған соң да, мамандық білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да, асыл қасиетіндей сақтау керек.

**Бүгінгі ҚазҰУ-дың әдебиет сүйер ізденушілері филология факультетіндегі "Қаламгер" жас әдебиетшілері клубының өткізіп жүрген іс-шаралары туралы көп біле бермейді. Осы мақсатта клуб жетекшісі Нұраддин Садықовпен сұхбаттасқан едік.**

# "ҚАЛАМГЕР" — жас әдебиетшілер клубы




**- "Қаламгер" жас әдебиетшілер клубы қандай мақсатпен құрылды?**

- "Қаламгер" жас әдебиетшілер клубы (ЖӘК) осыдан 3 жыл бұрын кәсіби әдебиетші болғысы келетін жастардың басын қосып, өздеріне қатысты мәселелерді талқылайтын орталығы ретінде құрылған болатын. Біздің және бір көздегеніміз – сол кездегі кейбір әріптестеріміз секілді тек науқани шаралар өткізумен ғана шектелмей, үнемі кітап оқып, сұхбаттар өткізумен өз біліктілігімізді шыңдап отыру.

***- Клуб жұмыстарына ұстаздарыңыз бағыт-бағдар көрсетіп, жетекшілік жасай ма?***

- Жалпы клуб – факультетіміздің деканы, ф.ғ.д., профессор Қ.Әбдезұлы ағайымыздың сөзімен айтсақ, "Студенттердің өз белсенділігінің арқасында дүниеге келген ұйым. Яғни, студенттердің "төл перзенті". Десек те, атқаратын шараларымыздың әрбір жарты жылдық жоспарын Қансейіт ағайымызға бекітіп, әрбір отырыстың алдында ақылдасып отырамыз. Бұл кісіден өзге Зинол-Ғабден Бисенғали, Бақытжан Майтанов, Нұрлан Сағындықұлы секілді бағыт-бағдар беріп отыратын ағайларымыз да бар.

**- Әдеби клуб, жалпы факультет студенттерінің белсенділігі жөнінде не айтар едіңіз?**

- ЖӘК мүшелері, негізінен қазақ және әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларын оқып, талдаумен, әдебиетке, қоғамға қатысты өзекті мәселелерді дөңгелек үстел басында талқылаумен, кездесулер, конференциялар, сайыстар, пікір алысу кештерін, түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырумен, мақала, әңгіме, өлең жазып, шығармашылықпен шұғылданады. Ал енді студенттердің белсенділігіне келетін болсақ, соңғы кездері "Қазіргі жастардың белсенділігі төмен" деген пікір бар. Бұған қосылуға да, қосылмауға да болады. Бірақ меніңше, мұның себебін өзімізден іздеуіміз керек. Яғни, егер менің сөзім, жасаған әрекетім ешкімді қызықтырмаса, ол өзгелердің өресіздігін ғана емес, менің біліксіздігімді де білдіруі мүмкін.

**- Қандай іс шаралар атқарылды, болашаққа қандай жоспарларыңыз бар?**

- Клуб құрылғалы бері тау қопарып тастамасақ та, біршама іс-шаралар атқарылды Атап айтар болсақ, мерекелік кештерден өзге, әңгіме жанры бойынша жас жазушылардың қалалық байқауы өтіп, нәтижесінде, факультет деканы аталмыш бәйгеге қатысқан жас талапкерлердің шығармалар жинағын шығарып беруді өз мойнына алды. Мұнан өзге, жас ақындар мүшәйрасы, жазушылар арасындағы "Қазақ прозасының бүгіні мен болашағы" атты, университеттегі жастар ұйымдарының басшылары арасында "Жаһандану дәуіріндегі қазақ жастарының ұлттық бет-бейнесі" атты дөңгелек үстел мәжілісі және өзіңіз куә болған "Ақыл-ой алаңы" зияткерлік сайысы секілді бірқатар іс-шаралар атқарылды. Болашақта мерекелік кештерден өзге қаза? драматургиясына, ақпараттық қоғамға қатысты пікір алысу отырыстарын, өз мамандығымызға қатысты конференция, кездесулер өткізуді жоспарлап отырмыз.

**Жанар ДӘУРЕНБЕКОВА**

# Жастарды ұлттық мүдде тұрғысынан ойлай білуге икемдеу керек



**Студенттерді мамандыққа баулу дәрістермен шектелмесе керек. Қоғамдық жұмыстар, үйірмелер мен бірлестіктер студенттер шығармашылығын шыңдай түсері анық. Осы орайда тарихы тереңнен бастау алатын, ұрпақтар сабақтастығының белгісіндей бүгінде де белсенді түрде түрлі іс-шаралар ұйымдастырып жүрген журналистика факультетінің Мұхамеджан Сералин атындағы шығармашылық бірлестік жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, халықаралық журналистика факультетінің доценті Сағатбек Медеубекұлын әңгімеге тартқан едік.**

**- М.Сералин атындағы бірлестік тарихына көз жіберсек...**

- Бірлестік факультет құрылғаннан-ак 1934 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Сол кездің өзінде өздерінің шеберліктерін шыңдау үшін бастарын қосып ұйымдасып, бірін-бірі қолдап, бірін-бірі сынап, бір-бірінің жақсылығын асырып отыратын талантты жастардың бірлестігі ретінде ашылған. Содан бері бірлестік жұмысы бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан игі дәстүр.

**-Бірлестік тарапынан қандай бастамалар жасалып, іс-шаралар ұйымдастырылып жүр?**

- М. Сералин атындағы бірлестіктің мақсаты оқу, шығармашылық пен тәжірибені ұштастыру болғандықтан бірнеше бағытта жұмыс істеп келе жатыр. Былтырдан бастап қолға алынғаны – "Жасын" студенттердің қабырға газеті. Болашақта газетті көп таралыммен әр факультетке таратсақ деген ойдамыз. Бұл –журналистика факультетінің ғана емес, университетіміздің шығармашылығын қамту деген сөз.

Ендігі кезекте көп елене бермейтін, бірақ журналистикаға аса қажетті мамандықтар: тележурналистер, телеоператорлар, газет дизайнерлері, дыбыс операторлары, монтажерлер секілді маман иелерінің жұмысын студенттерге етене таныстырсақ деп отырмыз. Сонымен қатар, басқа факультеттегі шығармашылық бірлестіктермен, Алматыдағы мәдени ошақтармен байланысымызды нығайтсақ деген ниетіміз бар.

**- Тек маман ғана емес, адам тәрбиелеуді ұстаз ретінде қалай жүзеге асырып отырсыз?**

- Бірлестік студенттерге еркіндік береді. Санасы, рухы азат, жастардан ғана шығармашылық күтуге болады. Сондықтан, жастарды елдік, ұлттық мүдде, мемлекеттілік тұрғысынан ойлай білуге, сол тұрғыдан сөз айтуға икемдеу керек. Осы орайда, елдік мұрат, азаматтық-патриоттық рух, мемлекеттік мүдде тұрғысынан көбірек әңгіме қозғауға тырысамын.

**- Бірлестік құрамындағы мәпелеп жүрген шәкірттеріңізбен мақтанатын шығарсыз?**

- Мен мақтанбақ түгіл рахаттанам. Мысалы, ұйымдастырып жүрген жыр мүшайраларынан жүлделі орын алып жүрген Айнұр Төлеу, Мұрат Есжан, Жарас Кемелжанұлы, Қуаныш Нұрданбек секілді жас ақындарымыздың қай-қайсысы болса да мақтануға тұрарлық. Болашақта қазақ журналистикасы болсын, рухани әлемінің болсын биігіне шығар балалар біздің факультетте үлкен толқын болып келе жатыр.

**-Әңгімеңізге рахмет!**

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

*Сүйінші!*

# ДӘСТҮРЛЕР ЖАЛҒАСЫ




Қазақстанның өз тәуелсіздігін алғанына 15 жылдан асты. Экономикалық даму тұрғысынан көп елдердің алдына шыққан еліміз үшін енді рухани, идеологиялық бағыттар басты нысанаға алына бастады. Бұл орайда, қазақ кітабының алар орны ерекше. Сондықтан, нарыққа икемделе отырып, егеменді елдің жас ұрпағын тәрбиелеу міндеті тек авторлардан ғана емес, болашақ баспагерлерден де талап етілмек. Міне, осы мақсатта жұмыс істеп отырған университетіміздегі журналистика факультеті, баспа ісі және редакциялау кафедрасының болашақ баспагерлерді нарық заңына сәйкес мамандыққа баулуда алар үлесі қомақты. 21 ақпан күні қазақ баспа кітабының 200 жылдығы аясында аталған кафедра студенттерінің "Білім" баспасынан шыққан "Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын..." атты дәстүрлі алтыншы жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Оған ел ағасы Әбілфайыз Ыдырысов, "Білім" баспасының директоры Жарылқасын Нұсқабайұлы, факультет деканы Бауыржан Жақып және әр факультеттің студенттері қатысты. "Кітаптың тойы үлкен той. Кітап – біздің өткен тарихымыз бен ата-бабаларымыздың өмірін келешек ұрпаққа баяндайтын өшпес рухани мұра. Бүгінде дәстүрге айналған алтыншы студенттер жинағы біріншіден – кафедрамыздың мақтанышы. Екіншіден, студенттердің өндірістік тәжірбиесінің нәтижесі" – деді өз сөзінде тұсаукесер рәсімін жүргізуші баспа ісі және редакциялау кафедрасының меңгерушісі Қайрат Сақ.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін аталған кафедраның әр жылғы 3 курс студенттері "Әуелі бұл шіркінді бастау қиын", "Дүниеге келер әлі талай Қасым", "Талаптың мініп тұлпарын", "Жетелейді бір арман", "Үркер" деп аталынатын өз шығармаларынан тұратын кітаптарын шығарып, олар өз деңгейінде оқырман қызығушылығын тудырған болатын. Бір айта кетерлігі, биылғы дәстүрлі жинаққа "Өзге емес, өзім айтам өз жайымда", "Ойларым менің – тамырын жайған гүл-шыбық", "Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы", "Көсем сөз" секілді бөлімдерден құралған ұл балаға "зәру" бір топтағы 12 қыздың еңбектері жиынтықталған. Көңілдерін кір шалмаған жастардың сезімдері таза, ойлары орамды, армандары асқақ, мақсаттары биік. 200 жылдық қазақ баспа кітабының бүгінгі бет-бейнесі мен болашағы толғанткан жастар Ұлттық журналистік зерттеу орталығы жанынан "Кәусар" бірлестігін құрып, қазақ кітап ісін дамытуға үлес қоспақ ниетте. "Мақсатымыз – қазақ кітабын насихаттау, жас әдебиет өкілдерін қолдаудың заманауи жолдарын қарастыру, әдеби агент ретінде жұмыс істеу", - дейді "12 қыз.kz" ретінде танылған бүгінгі "Кәусар" бірлестігінің мүшелері. Қазірдің өзінде өз қызметтерінің алғашқы қадамы ретінде бірлестік журналистика факультетінің барлық талантты жастарының шығармалар жинағын шығаруды ұсынып отыр. "Жанарлары от шашқан нұрлы, мұңсыз, Қыздардың бұза алмайсыз бірлігін сіз!" – деп тұсауы кесілген кітапта жазылғандай 12 арудың бастамасын қолдап, тұнығы лайланбасын, бірлігі шайқалмасын демекпіз.

**Бағдат ҚАПБАСОВ**





**Наверное, каждый студент мечтает после окончания университета найти свое место: будь это в работе, в спорте, или в науке. Человек, о котором пойдет сегодня речь, может с гордостью говорить, что он нашел свое место и не зря прожил свою жизнь. Знакомьтесь: выпускник биологического факультета КазГУ, ученый – эколог, журналист, и шахматист, тренер – педагог, вице- президент федерации шахмат Алматы - Анатолий Аристархович Носков.**



# Основателю шахматного клуба – 70 лет

В этом году А. Носков отмечает свой 70-й юбилей, а также 50-е трудовой деятельности, с чем мы Вас поздравляем и желаем крепкого здоровья, и больше учеников по шахматам. Теперь немного о юбиляре и его любимом виде спорта – шахматы. А. Носков родился в Алматы 13 марта 1937 года, после окончания школы поступил на биологический факультет, уже, будучи шахматистом первого разряда и членом сборной команды Казахстана среди школьников. После окончания в 1961 году он плодотворно совмещал научную деятельность в Институте биологии АН КазССР, а затем и в Академии наук с занятием шахматами и тренерской работой. И везде добивался значительных успехов. У него более 20 научных статей. Он трижды становился чемпионом Казахстана по шахматам, первым из алматинцев выполнил норму мастера спорта. В 1969 году главный тренер сборной студенческой команды Казахстана, параллельно стал редактором шахматного отдела газеты "Вечерняя Алма-Ата" и вел почти двадцать лет. В настоящее время ведет отдел шахмат в газете "Известия Казахстан".

В КазНУ им. аль-Фараби по словам нашего ветерана шахматы получили свое распространение в середине 50-х годов, когда были регулярные соревнование между факультетами, затем кубки общежитий, позже в спартакиаде "Здоровье", среди профессорско-преподавательского состава, и с 2002 года по идее ректора КазНУ им. аль-Фараби Т.А. Кожамкулова выдвинули - кубок Ректора.

Сборная команды под руководством А. Носкова десятки раз выходила победителем Всеказахстанских студенческих игр, чемпион Универсиады 2005 года.

За большой вклад в развитие шахматного движения в Казахстане А. Носков награжден многочисленными грамотами и дипломами спорткомитетов. Он подготовил сотни высококлассных чемпионов.

Из стен университета вышли первый международный гроссмейстер Б.Асанов, международные гроссмейстеры сестры Гульмира и Эльмира Сахатовы, Мария Сергеева и т.д.

Регалии А.Носкова не пересчесть: он заслуженный тренер Республики Казахстан, судья высшей национальной категории, доцент кафедры физвоспитания КазНУ, автор ряда научных и публицистических работ по гидробиологии, в частности, экологии озера Балхаш и Капчагайского водохранилища. А. А. Носков - человек который действительно является примером для студентов.

Л.С.Ахметова – профессор и академик КазНУ им. аль-Фараби, ученица по шахматам.

— Я хочу поздравить ветерана и учителя с днем рождения и пожелать, в первую очередь, здоровья, ну и творческих успехов и, конечно же, побед в шахматных турнирах.

Мы также присоединяемся к поздравлениям Л.С. Ахметовой и хотим отметить, что ваши слагаемые успеха - патриотизм, преданность родному университету, целеустремленность, талант тренера, педагога и организатора, трудолюбие и уважение к людям были слагаемым всех казахстанцев.

**Асель КУНДАХБАЕВА**

**С 15-26 января 2007 года на спортивных площадках Казахского Национального университета имени Аль-Фараби проводилась 35-я традиционная ежегодная спартакиада "Здоровье" среди профессорско – преподавательского состава, сотрудников и аспирантов университета.**

# В здоровом теле – здоровый дух

Спартакиада "Здоровье" ставит себе целью улучшение физкультурно – оздоровительной работы, укрепление здоровья профессорско – преподавательского состава и пропаганду здорового образа жизни. Ведь преподаватели являются примером для студентов, таким образом, приобщая молодежь к здоровому образу, что приветствует президент нашей Республики Н.А. Назарбаев.

В прошлом году вуз был удостоен президентской награды за качество — "Алтын сапа". Первый проректор университета Зулхаир Мансуров отметил, что достижение таких результатов напрямую связана со здоровьем преподавателей.

В этом году торжественное открытие спартакиады совпало с днем рождения университета: 15 января 1934 года был основан наш университет. Преподаватели были собраны в назначенный час и построены, ведь для них была разработана программа. В программу соревнований вошли 5 видов спорта: мини – футбол, волейбол, настольный теннис, бадминтон и шахматы. В соревнованиях приняли участие 18 сборных команд факультетов и подразделений, что составило 594 человека. Главной судьей спартакиады является старший преподаватель кафедры физического воспитания Таганова Наталья Петровна.



Победителем спартакиады в общекомандном зачете по результатам 6 видов спорта стал спортивный коллектив химического факультета, набрав 14 очков. Вторым призером спартакиады, набрав 24 очка стал физический факультет. На третьем месте механико-математический факультет с суммой 25 очков. Победителей награждал профсоюз "Парасат" дипломами соответствующих степеней, грамотами и денежными призами. Большую помощь в организации и проведении спартакиады оказала администрация университета, профсоюз "Парасат" и кафедра физвоспитания. Хорошую организаторскую работу по подготовке сборных команд по видам спорта к соревнованиям и участию в спартакиаде провели председатели профбюро факультетов: Р.Г. Рыскалиева (химический факультет), Е.А. Ахметов (физический факультет), М.Б. Елгондина (механико-математический факультет), Э. Бейсетбаева (военная кафедра), А.Е. Усенбекова (колледж), О.П. Ложникова (факультет журналистики), Б.К. Кобекова (ФФиП), Н.Т. Какишева (филологический факультет).

Проведение подобного вида мероприятия для университета стало доброй традицией.

Хочется верить, что эстафету проведения таких спартакиад переймут и другие учебные заведения нашего города. Ведь здоровому и физически сильному человеку гораздо легче постигать науку.

**А.Т. Кундахбаева,**
***Ст. преп. факультета журналистики***

# ПОЙДЕМТЕ ИГРАТЬ, В НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС!

Сегодня любители настольного тенниса не могут представить, что любимый вид спорта появился в далеком XVI веке в Англии. Довольно долго игра использовалась не как вид спорта, а только для свободного времяпровождения и активного отдыха. Постепенно теннис возник в США, Индии и Южной Африке. Сначала эта игра проходила на открытом воздухе, позже перешла в помещение, играя на полу. Прошло еще немного времени, игра стала на столе, расположенных на некотором расстоянии, спустя время две половинки стола были сдвинуты, между ними натянули сетку. По сей день этот вид спорта считается простым, поскольку инвентарь неприхотлив в использовании, люди, играющие, и любящие настольный теннис умудрялись из подручного материала: мячи делали из нитей, книги расставляли вместо сеток, а куски толстого картона являлись ракетками.

В наше время мы имеем значительно больше: множество разновидностей ракеток, мячей, сеток, столов, но не уделяем должного внимания этому спорту, ссылаясь на нехватку времени. Но наш университет старается привлечь студентов, выделяя зал, инвентарь.

Так на территории торгового центра КазНУ им. аль-Фараби по инициативе проректора университета С.Т. Шалгымбаева открылся зал настольного тенниса.

Студенты, активизируйтесь и посещайте зал настольного тенниса!

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің ``Сұңқар`` кәсіподағының төрағасы.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактор* - **Дәрмен СМАЙЫЛ;**
*Жауапты хатшы* - **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;**
*Бөлім меңгерушісі* - **Ақерке АЛПАРОВА;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;**
*Фототілші* – **МАМЫРЖАН;**
*Кезекші редакторлар* - **Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Шынар СЕРІКБАЙҚЫЗЫ**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы,71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Нөмір редакцияның компьютер орталығында терілір, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы- 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс № 48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

## Достижения

*С 13 января по 4 февраля сборная команда Университета принимала участие в ежегодном Зимнем Первенстве г.Алматы по футболу и заняло 10 место.*

*Сегодня сборная команда по футзалу, а т.е. мини-футболу принимает участие в первенстве вузов г. Алматы, где играют еще 13 вузов. В данный момент, наш университет борется за 1 место, осталось 4 игры.*

*Планируется участие в первенстве, разделенные на зоны по футболу в рамках IV летней Универсиады, ставится задача завоевать путевку в финальную часть Универсиады по футболу.*

***

*В этом году впервые проводится турнир по бадминтону в г. Костанае. Выбирается сильнейшая восьмерка Казахстана в их число вошли спортсмены КазНУ им. аль-Фараби: ст. преподаватель кафедры физвоспитания Ж.М. Даулеталиев и студентка магистратуры 1 курса ФФП Сорокина Вероника. Розыгрыши проводится по круговой системе. Пройдя, в одиночной , в парной и смешанной категориях наши спортсмены вышли в финал. Надеемся на лучший финал, ведь этот турнир планируется проводить ежегодно для отбора в национальную сборную Казахстана.*

## ҚазҰУ-дың қызғалдақтары

МАМЫРЖАННЫҢ фотосы

### Фотоэтюд

*Есіңде ме, ерке қыз,*
*Ашық аспан, аппақ ай?..*
*Сезім – дауыл,*
*жер – теңіз*
*Тербетіліп жатқандай!..*

**Тұрмағанбет КЕНЖЕБАЕВ**



